

МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ КОМПОЗИТОР ШЫҒАРМАЛАРЫН ЦИФРЛАНДЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ*

Майра СУЛТАНОВА**

Алтынай БЕЙСЕМБАЕВА***

Айсулу МУКАНОВА****

Түйіндеме: Мақалада әлемдік деңгейдегі музыкалық білім беру жүйелерінің негізгі бағыттары мен қабылдау, жүйелік тәсіл заңдарына негізделген «Final» музыкалық бағдарламасының мазмұндық сипаты, маңыздылығы мен цифрландыру мүмкіндіктері қарастырылады. Композиторлардың музыкалық ноталық жазбаларын білім беру үдерісіне шығармашылықпен ендірілген «Final» музыкалық бағдарламасы негізінде компьютермен теріп, ноталықстанда оны редакторлап, университетіміздің электрондық кітапхана қорын толықтырып, теріліп жинақталған туындыларды QR код арқылы құжаттандыру басты мәселе ретінде танылады. Баспалардың музыкалық бағдарламаларында жазып терудегі жазбалардың ноталық мәтіндерінің өзгеріске ұшырап, гармониялық тұрғыдағы қате музыкалық туындылардың көпшілікке ұсынылуы сияқты кедергі-кемшіліктер кездесетіндігі аталынып өтіледі. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін дамытуда бұл бағдарламалардың алатын орны ерекше және музыка мамандары ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, әлемдік музыкалық білім берудің озық тәжірибелерін ұтымды пайдаланып, музыкалық туындылардың қатесіз түпнұсқа бағытында әзірленіп, цифрландыру өте маңыздылығын қарастырады.

Тірек Сөздер: Музыкалық Бағдарлама, Цифрландыру, Финал Бағдарламасы

Opportunities for Digitalization of Composer's Works in Music Education

Abstract: The article discusses the main directions and perception of world-class music education systems, the substantive nature, significance and possibilities of digitalization of the music program "Final", based on the laws of a systematic approach. The main problem is the computer typing of musical notes of composers on the basis of the music program "Final", creatively embedded in the educational process, its editing in the sheet music industry, replenishment of the Electronic Library Fund of our university, documentation of The Collected Works by QR code. It is noted that in the musical programs of publishing houses there are obstacles and shortcomings, such as changes in the musical texts of notes and the presentation of wrong musical works in harmonic terms to the public. These programs play a special role in the development of the professional competence of the future specialist, and music specialists consider the very importance of digitalization and development of musical works in the direction of error-free originality, using the best practices of world music education, while preserving national values.

Key Words: Music Program, Digitization, Final Program

Кіріспе

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының (2017) негізгі мақсатын - ұлттың бәсекеге қабілеттігін жан-жақты арттыру, білім беру саласына цифрлық жүйені қарқынды ендіру, дамыту қажеттілігін негізге алады. Осы тұрғыда музыкалық білім беру саласында қолға алынып, жүргізіліп келе жатқан жобалық жұмыс зерттеушілері білім алушылар мен өнер сүйер қауымға, тұтынушыларға қолжетімді, тиімді, әрі қолдануда қарапайымдылығымен ерекшеленетіндей цифрландырылған өнімнің нәтижелерін ұсынуды басты назарға алдық.

Атап айтқанда, Қазақстан композиторларының музыкалық ноталық жазбаларын білім беру үдерісіне шығармашылықпен ендірілген «Final» музыкалық бағдарламасы негізінде компьютермен теріп, ноталықстанда оны редакторлап, университетіміздің электрондық кітапхана қорын толықтырып, теріліп жинақталған туындыларды QR код арқылы құжаттандыру басты мәселе болып табылады. Сонымен қатар, музыкалық туындылар авторларының өз жазбаларын баспаға ұсынуда көптеген кедергілер мен

* Бұл мақала Қазақ Ұлттық Қыздар Университетінің ішкі қаржыландыру жоба аясында орындалған.

** П.ғ.к., доцент, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, «Музыка» кафедрасы.

*** П.ғ.к., доцент, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, «Музыка» кафедрасы, altynai.beisembaeva@mail.ru

**** Аға оқытушы, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, «Музыка» кафедрасы.

кемшіліктер кезігеді. Мәселен, типографиялардың музыкалық бағдарламаларында жазып терудегі мамандардың музыкалық білімдерінің төмендігі, соған сәйкес көбіне ноталық жазбаларды қабылдамауы немесе баспадан шыққан жағдайда жазбалардың ноталық мәтіндерінің өзгеріске ұшырап, гармониялық тұрғыдағы қате музыкалық туындылардың көпшілікке ұсынылуы сияқты кедергі, кемшіліктерді атап өтуге болады. Шығармашылығы жағынан маңыздылығы зор коммерциялық бағыттағы бұл жобамыздың қаржылық түсірімі болатындығын растай отырып, сондай күрделі мәселені шешуде музыкалық білімі бар жоба зерттеушілерінің бастамасын орынды деп танымыз.

Қазақстанның өркениетті елдер қатарында болуы үшін «Мәдени мұра» (2004, 2007) және «Цифрлық Қазақстан» (2017) мемлекеттік бағдарламаларының ортақ негізгі мақсаттарының бірі – мемлекеттік деңгейдегі барлық күш-құрал, әдіс-тәсілдер арқылы сан ғасырлық ұлттық құндылықтарымызды еш жоғалтпай, негіздей отырып, «таңбалау», содан әлемдік деңгейде насихаттап, дәріптеу қажеттілігі басты назарда [1]. Осы орайда, біршама жетістіктер бар, әлі де жасалуда. «XXI ғасыр кітапханасы: жаңа көкжиектер» халықаралық конференция (2015) барысында «Қазақстанда отандық композиторлардың музыкалық туындыларының ноталары сандық форматқа көшіріліп, сақталатын болады» деген ақпарат берілген-ді. Жалпы, жобаға қатысушылар оны әзірлеу барысында электрондық кітапханаларға шолу жасалынды. Республикалық электрондық кітапхана қорында Қазақстан композиторларының аудио, бейнежазбаларын электрондық каталогта дискі ретінде кездестіре алдық, алайда ноталық жазбалардың цифрлық форматын табу өте қиынға соқты, жоқтың қасы деуге де болады. Сонымен қатар, сазгерлер тарапынан өздерінің музыкалық шығармаларын жинақтап, ноталықстанда редакциялап жазу, болмаса ілгеріде жарық көрген құнды шығармаларын қайта басып шығару сияқты біздерге көптеген ұсыныстар түсуде.

Жобаны жүзеге асыруда келесідей нәтижелерге қол жеткізілу жоспарлануда: ноталық музыкалық жазбалық қор Қазақстан аймақтары шеңберінде кітапханалардан, архивтерден, арнайы қорлардан, жеке адамдардан жинақталынады, өзіміздегі бар ноталық жазбалар қоры толықтырылады. Жалпы, ел арасындағы композиторлық шығармаларды, баспадан тыс қалып бара жатқан музыкалық туындыларды жинақтау, ноталарын қайта теру, электрондық нұсқада қайта түлету өте маңызды. Нәтижесінде музыкалық туындылар жинақталып, «финал» музыкалық бағдарламасымен теріліп, QR кодпен цифрландырылады, оқу-әдістемелік құрал ретінде баспадан шығарылып, университеттің электрондық кітапхана қорына тіркеу көзделеді.

Қазіргі таңда білім мен ғылым инновациялық технологиямен тығыз байланыста дамып келеді. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін дамытуда бұл бағдарламалардың алатын орны ерекше және музыка мамандары ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, әлемдік музыкалық білім берудің озық тәжірибелерін ұтымды пайдаланып, музыкалық туындылардың қатесіз түпнұсқа бағытында әзірленіп, цифрландыру өте маңызды деп танымыз. Қазіргі таңда кездейсоқ баспалардан шыққан музыкалық жазбалардың ноталық мәтіндері өзгеріске ұшырап, гармониялық тұрғыдағы қате музыкалық туындылардың көпшілікке ұсынылуын көптеп кездестіреміз. Ол да болса, музыкалық мұрамыздың түпнұсқасына деген немқұрайлықты танытады, өнеріміздің дамуына зиян келтіреді.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ішкі қаржыландыру жобасы аясында «Final» музыкалық бағдарламасы негізінде Қазақстан композиторларының ноталық жазбаларын цифрландыру» зерттеу тақырыбына сәйкес арнайы ноутбуктер кафедраға алынды және олар «Final» ноталық музыкалық бағдарламасымен жүктелініп, сәйкесінше жұмыс бағыты айқындалды. Кафедрамыздың

ізденуші педагогтарымыздың зерттеулері негізінде жинақталған музыкалық шығармаларын ноталық теру үдерісі басталып кетті.

Сурет 1: «Final» бағдарламасымен жоба мүшелерінің жұмыс барысы



Жалпы, заманауи бағдарлама ретінде «Final» музыкалық бағдарламасы ноталықстанда тікелей жұмыс жасауда, дайын музыкалық материалды тыңдап, өңдеуде, редакторлауда тиімділігі зор деп атай аламыз. Осы бағдарлама арқылы болашақ музыка мамандары хорға, оркестрге, жеке орындаушыларға, ансамбльдерге арналған партитураларды теріп, оқу үдерісінде пайдалана алады, жас жеткіншектердің музыкалық сауаттылығын, есту қабілетін, орындаушылық мүмкіндіктерін реттей, әрі дамыта алады. Сәйкесінше, бағдарламаны қолданушы енгізіп отырған ноталық жазбаға лайықты музыкалық аспаптың тембрі мен дыбыстық бояуын сақтап, өңдеулер жасай алады, және оның ұтымды нұсқасын таңдап сақтай алады.


Болашақ музыка мамандарын даярлау барысында «Финал» ноталық музыкалық бағдарламасы оқу үдерісіне арнайы курс ретінде енгізілген, бұл бағдарлама бойынша кафедрамыздың білім алушылары арнайы дипломдық және магистрлік диссертацияларын жазып, қорғаған. Жұмысты орындау барысында зерттеуші Р.Салмановтың «Музыкалық компьютерлік технология» оқу құралының [2] мазмұнында ұсынылған финал бағдарламасымен жұмыс жасау әдістемесі де ұстанымға алынды. Олай болса, ноталық редактордың мүмкіндіктері мен онымен жұмыс барысын талдап көрсетелік.

Алдымен «Финал» музыкалық бағдарламасының редакторлық аспаптарының құралдарын атап өтейік, оған мыналарды жатқызамыз: ноталықстанды белгілеу, оған аккордтық сандарды қою, кілттік және альтерациялық белгілерді ауыстыру, тактілер санын қысқартып, қосу, терілген ноталықстандағы автор туралы ақпаратты, жылдамдық, өлшем және динамикалық белгілерді қою немесе қайта өзгерту т.с.с. Бірнеше композиторлардың туындылары «final» музыкалық бағдарламасымен ноталықстанда теріліп, баспаға ұсыну үдерісі үстінде. Жоба соңында білім алушыларға-студенттерге бағытталған бірнеше антологиялар шығару, цифрландыру жоспарланды, атап айтқанда күйлер жинағы, балалар әндері жинағы және терме-жырлар. Ауқымды жұмысты орындауда зерттеуші ұстаздарымыз республикамыздың белді аймақтарына іс-сапармен шығып, композиторлар шығармаларын жинақтау үстінде. Сондай қатарда, дарынды жас композитор Әліби Әбдінұровтың туындылары гармониялық тұрғыда өте бай, аккордтық бояуы тың, жаңа, елге, табиғатқа, дәстүрге деген сүйіспеншілікке толы тақырыптық барысы әрбір қазақ баласына жақын шығармалар. Композитор шығармаларын болашақ музыка мамандары мен мектеп оқушылары-жас буын жеткіншектер ұнатады, өздерінің ноталық жазба қорында болғанын қалайды, сол себептен де қазірге таңда композитор Ә.Әбдінұровтың бірнеше әндері жинақталынып, терілу барысында. Мәселен, «Ауылымның қымызы мен

шұбаты», «Сыбызғы» әндерінің «final» музыкалық редакторымен жазылу барысынан үзінді келтірейік.

«Final» музыкалық бағдарламасын ашып, «кұрастыру шебері» құжатына кіріп, «толық оркестр» бастырмасын таңдап, бос ноталықстаннан «қосу», «жаңа құрам сияқты сақтау», екі ноталықстанды фортепиано жолын таңдап, «келесі, атауы, бас жағы, композитор, өңдеуші, ақын, авторлық құқық» сияқты тетіктерді толтырып «келесі» бастырмасын басамыз. Алдымен ноталықстанды даярлау үдерісімен айналысамыз. Ол үшін музыкалық туындының өлшемдері мен тоналдік белгілерін қоюға бағытталған сілтеменің жоғарғы бөлігіндегі өлшем түрін, кілттік белгілерін «өлшемін, тональдігін таңдау» бастырмасына кіру арқылы кілттік белгілерімен қатар кездейсоқ кездесетін музыкалық белгілерді таңдап, жылдамдық таңдап, тактілер санын туралап берген соң «дайын» бастырмасына көшеміз. Артынша «бетті жоспарлау» бастырмасын ашып, шығарма өлшемін жөндейміз. Әннің нотасын жазу үшін «таңдау» бастырмасын белгілеу арқылы қажетті ұзақтықтағы ноталарды жазамыз. Ал ноталарды жазу үдерісін жүргізу үшін экранның сол жағындағы ноталық белгілер арқылы дыбыс ұзақтықтарын тінтуірді басу арқылы ноталықстанға тереміз. Егер жазылған ноталарды бастапқы қалпына келтіру үшін ноталарды қайта басу қажет.

Сурет 2: «Final» музыкалық бағдарламасымен терілген әндер



Суретте көрсетілгендей, әннің сөзін ноталардың астына жазу үдерісі енді басталады. Оны орындау үшін «вокалдық мәтін» бастырмасына басып, тінтуірді басу арқылы вокалдық мәтінді нақты нотаның астына туралап белгілеп аламыз. Нота ұзақтықтарына сәйкес ән сөздерін буындатып бөліп жазып аламыз. Сөз мәтіндерін толықтай бір мезетте түсіру үшін пернетақтадағы «Ctrl» бастырмасын ұстап тұрып, «тышқанның» сол жағын басу қажет. Нәтижесінде, осындай өнім шығады. Мұны «финал» бағдарламасы бар кез-келген өнерпаз, болмаса ұстаз жаза алады деп ойлаймыз.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде өткен X Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумының (14-16.06.2023ж.) секциялық жұмысында баяндамамызда атап өткеніміздей, «Final» бағдарламасы арқылы болашақ мамандар ноталықстанның бар бағытын пайдалана отырып, нота енгізудің үлкен мүмкіншіліктеріне ие болады. Бұл бағдарламаның музыка сабағында әнді сүйемелдеу, дауыс жаттығуын жасау, ноталарды енгізу, музыкалық сауаттылықты меңгеру, видео енгізіп көруге, жалпы енгізілген музыканы тыңдауға және т.б. іс-әрекеттердегі қолдану аясы кең. Сонымен қатар, бұл бағдарлама арқылы хор, оркестр, ансамбль партитураларын енгізуге болады (ең бастысы терілген нота жазбалары қандай аспапқа лайықталынып енгізілсе сол аспаптың тембрлік дыбыс бояуы сақталынып естіледі).

және оны тыңдауға, енгізілген ноталарды типографиялық негізде баспадан шығаруға да болады» [3].

Сурет 3: «Финал» бағдарламасымен терілген «Гүлдарайым» шығармасының партитурасы



Ізденуші Д.Мырзаханованың жұмысының мазмұнында көрсетілгендей, «Final» ноталық музыкалық бағдарламасының мүмкіндіктері мен оны меңгеру тиімділіктері мынадан байқалады:

1. Музыкалық шығарманың партитурасы мен тікелей жұмыс жүргізу (талдау, сараптау, теориялық, гармониялық құрылымындарын айқындау, шығарманың жалпы құрылымын анықтау т.б).

2. Өз мамандықтарына байланысты музыкалық шығармалар мен танысу арқылы жұмыс репертуарын кеңейту (мектеп бағдарламасы, жеке пәндік шығармалар т.б)

3. Оркестр түрлерімен танысу, олардың партитураларын қалыптастыру және олардағы жеке аспаптармен жұмыс жүргізу мүмкіндіктерін игеру (халық аспаптары оркестрі, симфониялық, үрмелі аспаптар оркестрлері, эстрадалық оркестрлер камералық аспаптар оркестрлерінің сан-алуан түрлері т.б).

4. Хор жанрлары мен танысу, әртүрлі хор партитураларын жасау және олармен жұмыс жүргізу арқылы өз репертуарын, білім деңгейін, кәсіби шеберлігін кеңейту (халық хорларының түрлері, академиялық хорлар, кантата, оратория, реквием, месса, мадригал, хорал т.б.).

5. Халық музыкасы мен жұмыс жүргізу әдістемелерін игеру (ұлттық фольклорлық музыка салалары, өзге халықтар музыкасы мен танысу арқылы салыстырма жұмыстарын орындау т.б).

6. Осы заманға эстрадалық музыка жанрларымен жұмыс жүргізе білу

7. Оқытушы мен студенттің өзіндік жұмыстары кезінде өз репертуарларын кеңейтіп кәсіптік, іскерлік және білімдік деңгейін кеңейту

8. Оқытушылар мен студенттердің тиімді шығармашылық жұмыстарын жүргізу мүмкіндіктерінің (әртүрлі музыка жанрларын гармонизациялау, хор, оркестр партитураларын жасау, жеке әндер мен хор шығармаларын әрлендіру т.б) молайту


9. Бағдарлама арқылы жазылған музыкалық шығарманы кітап басылымы ретінде пайдалану және электронды оқу құралдарын жасау жолдарына машықтану мүмкіндіктерін игеру

10. Болашақ музыкант-педагог келешектегі өзінің тәжірбиелік жұмыстарында осы бағдарлама арқылы мультимедиялы слайдтар қолдана отырып, тиімді нәтижелі жұмыс жүргізу істеріне машықтану [4].

Расында, бұл музыкалық бағдарламаның мүмкіндіктері зор, ол арқылы нотаны жазумен бірге сөздік мәтіндерін де теруге, терілген электрондық партитурадағы шығарманы, музыкалық аспаптардың бояуларын, үндерін, тыңдап, кеткен қате-кемшіліктерін бөлшектеп, қайта өңдеуге болады және де дайын материалды «midi» форматында сақтап тыңдауға болады.

Сонымен қатар, қазірде білім алушы-студенттердің орындауына ыңғайланған күйлер антологиясын бағдарламамен теріп цифрландыру жұмысы жүзеге асырылып келеді. Көпке аса танымал болмаса да, күйшілік дәстүрдің өнерпаздары арасында өзіндік орынға ие композитор Б.Дөненбайұлының бірнеше күйлері жинақталынып терілді, күйлер оқу үдерісіне студенттердің музыкалық репертуары ретінде енуде.

Сурет 4: «Final» музыкалық бағдарламасымен терілген күйлер



Олай болса, бұл «Final» ноталық музыкалық бағдарламасы негізінде цифрландырып, даярланып жатқан ұлттық құндылықтарымыз – ән мен күйлерімізді еш өзгеріссіз, автор ұсынған нұсқада келешек ұрпаққа, біздің ретте білім алушыларымыз-студенттерімізге табыстау қажырлы еңбекті қажет етеді, болашақта үлкен пайдасын әкеледі, композиторлар шығармаларына мәдени мұра ретінде қарап, көпшілікке таратуды біздің басты парызымыз деп танимыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы //Мәдениет. 2004. - №3-4.
- [2] Салманов, Р. С. Музыкалық компьютерлік технология. - Қызылорда, 2011. - 243 б.
- [3] Бейсембаева, А.А., Султанова, М.С. Музыкалық білім берудегі цифрлық технологиялардың маңыздылығы /Халықаралық Түркі әлемі зерттеулері симпозиумы. – Алматы, 2023. – 567-576 бб.
- [4] Мырзаханова, Д. Музыкалық шығармаларды компьютерлік бағдарламалар арқылы редакторлау әдістемесі. – Алматы, 2020.